

№ 145 орта мектеп

Ашық сабақ

тақырыбы:

Қазақстандағы ұжымдастыру

Мұғалімі: Көпенова Гүлшат

Сабақ тақырыбы: Қазақстандағы ұжымдастыру Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке»әкеліп соқтырды?		Мектеп: №145 орта мектеп Көпенова Г.Т.	
Күні: 15.01.23			
Сынып: 8		Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары	8.4.1.2. күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдау; 8.1.1.1. демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау;		
Сабақ мақсаттары	Республиканың ауыл шаруашылығын қайта құру негізінде 1929-1931 жылдардағы жүргізілген ұжымдастыру саясатының зардаптары мен нәтижелерін түсінеді.		
Бағалау критерийлері	- Күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдап,салдарын анықтайды; - Демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын сипаттайды.		
Тілдік мақсаттар	Сұрақтарға жазбаша жауаптар (<i>жазылым дағдысы</i>); Тарихи деректермен жұмыс жасау (<i>оқылым дағдысы</i>); Ақпараттық мәтіндер мен тарихи дереккөздер материалдарын зерттеу барысында оқушылар өзара жұптарға бөлініп жұмыс істеу. Жасаған жұмыс нәтижелері бойынша бүкіл сынып алдында ауызша есеп беру (<i>оқылым, жазылым, тыңдалым және ауызша пікір айту дағдылары</i>) <i>Пәндік лексика мен терминология:</i> Сыртқы саясат, тәуелсіздік, шекаралар, саяси тарих. <u>Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы:</u> Ұжымдастыру Қазақстандағы демографиялық ахуалға әсерін тигізді... Қазақ зиялылары Кеңес үкіметінің саясатын қолдады / қолдамады... Себебі...		
	Азаматтықты, отансүйгіштікті, ұлттық өзін-өзі тануды, қоғамның мүдделеріне қызмет етуге дайындығын қамтамасыз ету. Басқа адамдарға деген құрметті тәрбиелеу, топтық және жұптық жұмыс оқушылардың арасындағы ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру, академиялық адалдық.		
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиеті, география, дүниежүзі тарихы		
АКТ дағдыларының дамуы	Ақпарат іздеу мақсатында интернет сайттарымен жұмыс жасау, бейнематериалдарды пайдалану		
Алдыңғыменгері лгенбілім	Оқушылар Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін біледі.		
Сабақ барысы			
Сабақтың кезеңдері	Сабақтаорындалатыніс - әрекеттер		Оқыту ресурстары

Басы	БСМ. Оқушылармен берілген сурет бойынша құрыңыз. Мына сурет қай жылдарға қатысты? Неліктен адамдар жол үстінде бейнеленген? Олар қайда кетіп барады? Бұл суреттегі ақпараттың құндылығы неде?	диалог	Ұлы нәубет сөзінің синонимдері қасірет, қайғы, ұлттық трагедия т.б. сөздері СУРЕТ: HTTPS://TURKYSTAN.KZ/ARTICLE/4334-1931-1933-ZHYLDARDAQY-ASHARSHYLYK-KARSANYNDA-KAZAK-HALKY-KANSHA-EDI 1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАНША ЕДІ?				
10 мин	<table><tr><td>Мына сурет қай жылдарға қатысты? Неліктен адамдар жол үстінде бейнеленген?</td><td>Мұны немен түсіндіруге болады? Олар қайда кетіп барады? Бұл суреттегі ақпараттың құндылығы неде?</td></tr><tr><td colspan="2"></td></tr></table>	Мына сурет қай жылдарға қатысты? Неліктен адамдар жол үстінде бейнеленген?	Мұны немен түсіндіруге болады? Олар қайда кетіп барады? Бұл суреттегі ақпараттың құндылығы неде?				
Мына сурет қай жылдарға қатысты? Неліктен адамдар жол үстінде бейнеленген?	Мұны немен түсіндіруге болады? Олар қайда кетіп барады? Бұл суреттегі ақпараттың құндылығы неде?						
							
	МС сабақтың тақырыбы бойынша «Ұлы» нәубет» (аштық) ұғымын атоқталып, түсініктеме беріңіз. Презентациялық материалдар қолданып тақырыпқа қысқаша шолу жасатыңыз. Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке» әкеліп соқтырды?						
Ортасы	Зерттеу және талдау: I топ. Естеліктердің негізінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы жағдай бойынша постер жасату; <i>Сол аштық жылдарынан жеткен бір жазбада: «Ит пен мысықты ұрлап, сойып – жеу, шын мәнінде, індетке айналды. Осынау «бір кесім ет үшін» бірінің жағасын бірі жыртқандар жырттылып айырылды. Қу құлқыны үшін, бір хайуанның соңынан бірнеше адам жүгіріп бара жатады. Қалайда тірі қалудың қамын жасап, жансебілдікпен жанталасқан әлгі адамның өмірге құштарлығын түсіну үшін оның қуып жүрген хайуанды ұстаған кезіндегі қуанышын көрсеңіз ғой, аштықтың қасіретті сайқымазағын сонда түсінесіз. Жол жиегінде өліп жатқан, өліп бара жатқан адамдарға әлгі «жансебілдердің» өзі қарауға қорқады, өйткені келесі сәтте оның өзі де соның кебін құшуы мүмкін. Иә, ол да газжап емес... Сотта, бірде аштық сотта тұрақты түрде адамның етімен қоректенген үш адамның ісі қаралып жатса, келесі де адамның етін пұттап сатқанға үкім шығарып жатпады. «Кешке жақын көшеге шығу қорқынышты, адамдарды, әсіресе толық</i>		Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру. http://e-history.kz/kz/contents/view/846 Ашаршылық https://www.youtube.com/watch?v=HL0oXmHx4Gg Г.В. Кан, Н.У.Шаяхметов. Қазақстан тарихы. – Алматы: Алматыкітап, 2012. К. Бегалин. Империя құрамында. – Алматы: Аруна, 2013. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының ХХ ғ. Өзекті мәселелері. Өнер, 2014				
20 мин							

адамдарды аң сияқты аулауға шығатындар бар. Аштар өлгендердің етін жеп жатыр» – деп жазылған.

«Әсіресе, қазақтардың өзара бір-біріне көмектесу қабілеті шектелді. Бай-қулақтарға қарсы күрес қатыгездікпен өрістеп халыққа қиын кезде көмектесетін ауқатты адамдардың көзі құртылды. Сеңдей соғылысып ашыққан адамдар бет ауған жағына сенделіп, қайыр тілеп, ит-мысыққа дейін сойып жеп, теректердің қабығы мен сабанға дейін қорек етті. Тіпті, аштық есінен адастырғаны соншалық адамның етін жесуге дейін барды деген дақпырт та болды...». («Ана тілі» газеті, 7-13 маусым, 2012 жыл, № 23 (1124), 3-бет)

Мұндай ауыртпалық қасіретін тартқандардың тағы бірі – тарихшы Ермұхан Бекмаханов. 1932 жылы ол анасы Бәніш пен қарындасы Қанияштан айырылғаны туралы мәліметтер қалдырса, Кеңес Одағының қос батыр қыздары Әлия мен Мәниүктің тағдыры да ашаршылық және саяси қуғын – сүргін тарихымен сабақтас екендігі өз жазбаларынан белгілі. Әлия Молдағұлованың (өзінің тегі Сарқұлова –Б.А) анасы Маржан Молдағұлова (1898-1933) «күздің қара суығында егіс алқабынан картоптың қалдығы – келдек теруге барғанда, қарауылдың қаруынан оққа ұшады...» Ол кезде Әлия небәрі 8 жаста екен. Ал Мәниүк Мәметованың әкесі – Ахмет Мәметов (1895- 1938) Алашорда қайраткері, азартушы, ақын, журналист, дәрігер. 1937 жылы «бұрынғы Алашорда қайраткері, антикеңестік тобының мүшесі» деген айыппен тұтқындалып, ату жазасына кесілген еді.

«Константин Бугаев, Семей облысы: «Нағызаштық 1932 жылыбасталды... Ауыл-селоларғақайырсырағанбосқындартолыпкеткен. Ал аштықтанөлгендердіңмәйіттерібірқабірgekөмілген. Өлгендердіңқалталарыақшағатолыптұрса да, оғансатыпалатынештеңеболмаған» және де «ЗейтінАқышев: «Жазшықты. Азықтаусылды. Ендігікүнімізқараң. Ертеңімізтіптіүрейлі. Бұл – 32 жылдыңшілдесі. Меніңалатын 24 сомымтөртадамныңжұтқынышағынажұқболмайдыжәне оғантабылыпжатқантмақжоқ» депжазады.

II топ. Құжатпен жұмыс: деректің шығу тегі мен мақсаты негізінде құндылығы мен шектеулігін анықтату.

Нұсқаулық: оқушы деректің атауына, авторына, жылына, шыққан жеріне (баспасы) қарап шығу тегін анықтаса, мазмұнына қарап мақсатын анықтайды. Ал, шығу тегі мен мақсаты негізінде деректің құндылығы мен шектеулігін анықтайды.

Қазақ ОАК және Қазақ ССР ХКК «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» қаулысы.

Қараңыз:

Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралдары. Б. Аяған.- Алматы: Атамұра, 2005ж, 78-79 бб.

Аяған Б.Ғ. Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық: себептері мен салдары.

Тюрина Е.А. «КСРО-дағы ашаршылық: 1929-1934 жж.» халықаралық жобасын дайындау туралы.

Бесеудің хатынан үзінді Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. Қазақ университеті, 1992.

Әсіп С. Қазақ қасіреті; қоғамдық – саяси зерттеулер мен толғаулар. – Алматы: Қазақстан, 1999

Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы, 1994.

Источник: <http://e-history.kz/kz/contents/view/1450>

© e-history.kz

1929-1932 жылдардағы ашаршылық - қазақтарды жаппай отырықшылдандырудың нәтижесі («ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІ ЖӘНЕ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ» Халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағынан), Астана баспасы, 2012

Қазақстанда Кеңес билігі орнағаннан соң, әсіресе Қазақстан Компартиясының басшылығына Ф.Голощекин келгеннен бастап, жергілікті ұлт өкілдерін отырықшыландыру жобасы күн тәртібіне батыл шаралардың бірі ретінде қойылды. Көшпелі жайылымды өндіріс пен көшпелі қоғамның рулық құрылымын арасында өзара бір-біріне тәуелділік бар деген пікірталас туындады.

Большевиктердің ойынша, отырықшылық өмірге көшпелілердің экономикалық негізін және қоғамның рулық құрылымын қирату арқылы немесе екеуін бір мезгілде қирату арқылы келуге болатын еді. Коммунистік партияның 1928 жылғы XV конференциясында Ф.Голощекин ірі байлар мен «жартылай феодалдарға» қарсы қудалау науқанын беделді ру басшылары мен руларды әлсіретудің алғашқы сатысы ретінде жүргізу ұсынысымен шықты.

Ұжымдастыру науқаны және астық, ет дайындау жоспарларын орындау қажеттігіне қарамастан, қазақ көшпелілерін отырықшы өмір салтына көшіру стратегиясы 1929 жылы-ақ Қоныстандыру басқармасы әзірлеген шараларда ауылшаруашылығының кәсіби мамандары – агрономдармен басқа «мамандарының» ғылыми негіздеген дәлелдеріне сүйеніп жүзеге асырыла бастады. Құрғақ дала аймағының биогеографиялық, климаттық жағдайларында созылмалы және күтілмеген жұт бола қалғанда, көшпелі өмірдің келешегі жоқ және ол өнімді әрі тұрақты шаруашылық құру үшін кедергі болады деп саналды.

Отырықшылыққа ауысудың алғашқы науқанының нәтижесінде жүз мыңнан аса көшпелі және жартылай көшпелі отбасылардың біраз бөлігі киіз үйден құрылған ауылға ұқсас «орнығу бекеттерінде» орналастырылды. Ол отбасыларды қажетті жабдықтармен және азық-түлікпен қамтамасыз ету өте төмен деңгейде жүргізілсе, «орнығу бекеттерінде» орналастыру орындары мен ондағы тұрғындардың күнделікті қажеттіліктерге бағынышты қарапайым күн көру мүмкіндіктеріне есеп жүргізе алмағандықтан, кейбіреулері үйлерін салып бітірместен басқа жаққа кетіп жатты.

Кеңес үкіметінің жалпы саясатында отырықшыландыру саясаты мен көшпелілердің тағдыры ұжымдастыру мен астық және ет дайындау, Қазақстандағы ауқаттылардың мал-мүлкін тәркілеу және индустрияландыру істерімен салыстырғанда

басымдылық сипатта болмады.

Көшпелілерді отырықшылдыққа көшіру науқанына қарағанда, мал өсірумен айналысатын қазақтар үшін ең ауыр соққы 1931 жылы шарықтау шегіне жеткен жаппай ет дайындау науқаны болғанын еске салғанымыз жөн.

Егер аштықтан бір миллион үш жүз мыңдай адам немесе республика халқының үштен бірі қырылса, мал басы қырық бес миллионнан төрт миллионға дейін кеміді. Сөйтіп, отырықшылдандыру мал басының күрт азаюы салдарынан мал шаруашылығына қайта орала алмай, түгелдей мемлекеттің көмегіне тәуелді болып қалған босқындардың көшіп-қонуына ұласты.

Бір миллиондай қазақтың көрші республикалар мен басқа елдерге кетуге мәжбүр болуы (репатриациялануы) Қазақстандағы бірінші бесжылдықта федералды, аймақтық және жергілікті деңгейде орнықтырылған экономикалық басымдықтарға сәйкес қоныстандыруға мүмкіндік туғызды.

Отырықшыландыру, ең алдымен, қазақтардың басым бөлігін ғылыми-техникалық мамандардың «социалистік отарлы-жайылымдық мал шаруашылығы» деп ойлап тапқан дүбәрә шаруашылық түріне, яғни отарды жайылымда кәсіби малы бақса, ал малды ауылдың қалған тұрғындары экономикалық қызметтің басқа түрімен айналысатын жаңа шаруашылық ұжымшарларына бекітуді көздеді.

РКФСР ХКК төрағасының орынбасары қызметін атқарған Тұрар Рысқұлов жоғары билік орындарын Қазақстандағы аштық жөнінде хабардар ете отырып, қазақ мал шаруашылықтарында жеке иеліктегі мал басын көбейту және ұжымшарларға мал сатып алу арқылы жайылымдық мал шаруашылығын қалпына келтіру жоспарын қолдады. Бұл шаралар ауылдық жерлердің жағдайын жақсартуға мүмкіндік жасады.

1926 жылғы Халық санағы бойынша, қазақ халқының 70 пайызы немесе үш миллиондай адам көшпелі немесе жартылай көшпелі шаруашылық жүргізген. Осы көшпелі малылардың жартысына жуығы аштықтан қырылды, жүз мыңдайы көршілес кеңестік республикаларға және сырт елдерге көшуге мәжбүр болды. Басым бөлігі - көшпелі өмір салтын ұстанған миллионға жуық қазақтар мал шаруашылығымен айналысатын ұжымшарларға орналастырылса, екі жүз мыңдайы – техникалық және дәнді-дақылдар өсіретін ұжымшарларға, өзгелері өнеркәсіптік секторға орналастырылды.

Изабель Огайон, Франция Ұлттық ғылыми зерттеулер орталығының аға ғылыми қызметкері (Франция) Мәлімет ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтынан берілді.

III топ: Статистикалық мәліметтерге негізделген кестедегі ақпарат бойынша демографиялық жағдайды диаграммада көрсетіп, талдату.

АШАРШЫЛЫҚТЫҢ АУЫР ЗАРДАБЫ

Қазақ халқы талай тарихтың ауыр кезеңдерін бастан өткерген қайсар да қайтпас халық. Тек өткен ғасырдың басында Қазақ халқы трагедияға толы түрлі оқиғаларды басынан кешірді: үлкен және кішілі революциялар, отарлық қанау, репрессия, ұжымдастыру, тәркілеу, аштық және т.б. сындардан өтті. Осы аталған большевиктік саясат тұсында қазақ даласы екі ірі аштықты бастан өткерді.

Аштық жылдары	1921-1922 жылдардағы аштық	1930-1932 жылдардағы аштық
Себептері	1921 жылы жазда қуаңшылық болып, малдың 80%-ы қырылды. Астық мол болған аймақтардан азық-түлік отрядтары орталыққа ауыл шаруашылық өнімінің 80%-ін ақтetti.	Өміршіл-әкімшіл жүйеде жүргізілген ұжымдастыру саясаты мал шаруашылығын күйзелісті шығынға ұшыратты. Ұжымдастыру карсанында - 40,5 млн. мал болды. 1933 жылы 4,5 млн. мал қалды.
Аштыққа ұшыраған аймақтар	Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай, Семей, Ақмола губерниялары	Бүкіл Қазақстан
Ашығушылар саны	Ашығушылар республика халқының 1/3 бөлігін қамтыды. 1921 жылғы қарашада 1 млн. 508 мың адам аштықты. 1922 жылғы наурызда 2 млн. 303 200 адам аштықты. Аштыққа інідет қосылып, 1922 жылы маусымда Батыс Қазақстанда	1930 жылы - 313 мың адам; 1931 жылы - 755 мың адам; 1932 жылы 769 мың адам қайтыс болды. 1930-1932 жылдары барлығы 1 млн. 750 мың қазақ немесе халықтың 40%-ы жаппай қырылды. Ақтөбе облысында 1930 жылы 1 млн. 125 000 адам болса, 1932 жылы 725 800 адамға кеміген (71%). Балқаш ауданында

	ашығушылар мен аурулар 82%-ға жетті.	1930 жылы 60 мыңадам болса, 1932 жылы 36 мыңқырылып, 12 мыңы басқа аймақтарға көшіп кетті. 1930-1931 жылдар аралығында 1 млн. 70 мыңадам Қытай, Иран, Ауған жеріне т.б. көшті. 616 мың қайтып оралған жоқ. 414 мың кейін елге оралды. 1930-1933 жылдары 2,1 млн. адам аштықтан қырылды.
Ис-шаралар ұйымдас-тыру	1921 жылғы 14 маусымда «Нақты ет салығы туралы» декрет шығып, қазақтар ет салығынан босатылды. 1922 жылы егістіктің 60%-на Кеңес үкіметі берген дән себілді. 1922 жылғы 4 тамызда ауыл шаруашылық машиналарын сатып алу үшін 25 млн. сом берілді. 1922 жылы мал сатып алу үшін 2 млн. 131 мың сом бөлінді. 18,5 мың жетім бала Ресейге әкетілді. Кеңестік Түркістан туысқандық көмек көрсетті. 2 млн. пұтастық жіберілді. Республикадан 20 мың ашық қанада м қабылданды.	1932 жылғы 17 қыркүйекте «Қазақстанның ауыл шаруашылығы туралы» қаулы қабылданды. «Жасанды колхоздар» таратылды. Астықты аудандарда коммуналар орнына, артельдер ұйымдастырылды. Қоғамдастырылған мал-мүліктер қайтарылды. Отырықшы аудандарға 2 млн. пұтастық және 30 млн. сом ақша бөлінді.
Зардан	Демографиялық	Қазақтардың осы

тары	жағдайқындады . Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Торғайгуберниял арындахалық саны 1/3-не дейіназайды. 700 мыңнанастамада мреспубликадан көшіпкетті.	жылдардағы саны 40 жылданкейін, 1969 жылығанакалпыпакелді. 1930-1932 жылдардагыаштықтари хта «ұлыжұт» атанды.
------	---	--

IV топ: «Бесеудің хаты» құжатын төменде берілген сұрақтар негізінде талдау.

Сұрақтар:

- Бұл құжатты басқаша қалай атауға болады?
- Кілтті сөз тіркестерді анықтаңыздар.
- Қандай себептен бұл құжат жазылды деп ойлайсыздар?
- Бұл құжатты дайындаудағы мақсат қандай?
- Құжатта кімнің мүддесі қорғалып тұр?
- Сол уақытта және қазіргі кезде құжаттың маңыздылығы қаншалықты?

БК(б)П Өлкелік комитетіне, Голощекинжолдасқа

...«Бүгінгі Қазақстан – бұл 163 миллион сомның товарлы өнімін беретін, 40 миллион малы бар өлке», – деп жаздыңыз Сіз, Голощекин жолдас, 1930 жылы «Октябрь революциясының жеңістері» деген мақалаңызда («Қазақстанның 10 жылдығы» атты жинақ). ...Бірақ қазір, Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде Қазақстанда мал шаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды. Тек байлар мен кулактардың ғана емес, тек жекеменшікті орташалар мен кедейлердің ғана емес, сонымен бірге, негізінен алғанда, колхоздар мен колхозшылардың (ішінара совхоздардың да) қоғамдастырылған және қоғамдастырылмаған малы да осындай зор шығынға, сұрапыл қырғынға ұшырады...

... Мал басының қисапсыз кеміп кетуі мен көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық (қыстың екінші жартысынан бастап) жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс?.. Нағыз көзбояушылар, көпірме жоспарлар жасаушылар, оның үстіне өздеріне жүктелген нақты іс басқара алмаған, көзбояушылықпен «бәрі де жақсы» деп тұжырымдап, өнеркәсіп саласындағы жетістіктерге арқа сүйеген, сөйтіп, осынау елеулі мәселелерге жұртышылық назарын

	әлсіреткен жер органдары мен ауыл шаруашылығы кооперативтері одағының мүшелері неге бүкіл жұртшылық алдында сабақ боларлықтай сазайын тартпайды? Ғабит МҮСІРЕПОВ Мұташ ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ Мансұр ҒАТАУЛИН Емберген АЛТЫНБЕКОВ Қадыр ҚУАНЫШЕВ	
Соңы Кері байланыс 10 мин	Интерпретация Ж Оқушыларға ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын анықтау үшін берілген нақыл сөздер негізінде талдау жасатыңыз <i>Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев: «...Нәубет бүкіл елді жайлап алғанды. Оған 1933 жылы Оралдың Дегтярск кенішіне практикаға барған кезде көз жеткіздік. Құдай басқа салмасын, тап жауы ретінде мал - жаннан айырылып, жердің түкпіріне айдалып келгендер сеңдей соғылысады. Не ішері, не жері жоқ. Арып – ашқан, шетінен тірі аруақ. Одан тіленишінің тірлігі көш ілгері» - деп еске алады</i> - өз біліміңмен бірге цитатаны қолданып, ХХ ғасырдағы Қазақстанның ауыл шаруашылығына сипаттама бер.. - ұжымдастыру саясатының Қазақстанның ауыл шаруашылығына тигізген әсерін түсіндір. «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында жүргізілген ұжымдастыру саясатының бүгінгі ауылшаруашылығының дамуына тигізген әсері зор». Осы тұжырымымен қаншалықты келісесің?	А-4 қағазы,
Рефлексия	3 БББ	стикерлер
Қосымша ақпарат		
Дифференциациялап оқыту – Оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың білімін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-ны қолдану Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)
Сабақтың әр кезеңінде жасырын дифференциация бар. Сыныпта жалпы талқылау барысында оқушылармен түсіністік деңгейі және сыни ойлау дағдыларын дамыту анықталады. Неғұрлым қабілетті оқушылар Қазақ хандығының саяси жағдайының ерекшеліктерін анықтай алады. Сыныптағы оқушылардың көп бөлігі ұжымдастыру саясатының себептерін және осы саясаттың	Ауызша бағалау, жеке, жұпты бағалау	Оқушылардың денсаулығын сақтау үшін, қажет болған жағдайда, дене шынықтыру минуттарын өткізу ұсынылады. Қажетсіз уақытта интерактивті тақтаны өшіріңіз.

салдарларын анықтай алады.			
Рефлексия		<i>Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақ бағанда келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.</i>	
<i>Сабақтың мақсаты/ оқыту мақсаттары шынайы болды ма?</i>			
<i>Барлық оқушылар оқыту мақсаттарына жетті ма?</i>			
<i>Егер жоқ болса, неге?</i>			
<i>Сабақта дифференциация дұрыс жасалды ма?</i>			
<i>Сабақтың бөлінген уақыт кезеңдері бұзылмады ма ба?</i>			
<i>Сабақ барысында қандай ауытқулар болды?</i>			
Қорытынды бағалау			
Ең жақсы өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)			
1:			
2:			
Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқытуға және үйренуге қатысты)?			
1:			
2:			
Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпаратты білдім?			

Пәні: Қазақстан тарихы

Күні: 15.01.23

Сыныбы: 8

Тақырыбы: Қазақстандағы ұжымдастыру

Қатысушылар саны: 6

Мұғалімі: Көпенова Гүлшат

Сабақты өзара талдау

	Төмен 1	Орташа 2	Жоғары 3
Жоспарлау (0-1)			
☐ жоспар талаптарға сәйкес құрылды (№ 130 бұйрыққа 7-қосымша)			+
☐ оқу мақсаты пәннің оқу бағдарламасынан алынған сабақ мақсаты/ бағалау критерийлері оқу мақсатына сай			+
☐ оқушылардың бұрынғы білімдерін пайдалануы білім беру мақсатына сәйкес жоспарлануда			+
☐ берілген ақпараттың мазмұны оқу мақсатына сәйкес келеді			+
☐ таңдалған оқыту әдістері оқу мақсатына жетуге бағытталған			+
☐ қалыптастырушы бағалау жоспарланған			+
☐ белсенді оқыту әдістері жоспарланған жоспар сабақтың барлық кезеңдерін қамтиды			+
Оқыту бөлімі (0-1)			
☐ Сабақтың мақсатымен таныстырды			+
☐ оқушылармен бірге бағалау критерийлерін талдайды/сабақтың мақсатын оқушылар түсінеді			+
☐ оқушылар өздерін еркін және жайлы сезінеді			+
☐ Тапсырма бойынша нақты нұсқаулар береді			+
☐ Жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырды			
☐ Мұғалім ақпаратты анық жеткізді			+
☐ мұғалім оқушыларды ойландыратын ашық сұрақтар қояды			+
☐ Барлық оқушыларды оқу процесіне тартады			+
☐ ақпаратты қосымша көздерден береді (оқулықтан бөлек)			+
☐ Қажет болған жағдайда оқушыларға сұрақтар қоюға мүмкіндік беріледі.			+
☐ мұғалім оқушылардың сұрақтарына жауап береді			+
☐ мұғалім тапсырманы орындауға кететін уақытты ескереді, бұл оқушылар уақытты алдын ала біледі			+
☐ Мұғалім ажет болған жағдайда жеке оқушыларға қолдау көрсетеді			+
☐ жоспарланған іс-шаралар орындалды (сабақ жоспарға сәйкес өткізілді)			+

☒ Сабақ мақсатына/өзіндік оқуға қол жеткізу деңгейіне қатысты оқушылардың рефлексиясын жүргізеді			+
Бағалауы (1-0)			
☐ Мұғалім оқушыларға назар аударады/ сабақтың мақсатын түсінуін бағалайды			+
☐ мұғалім сабақтың оқу мақсатына сәйкес берілген жаңа білімді оқушылардың қаншалықты меңгергендігін бағалайды			+
☐ Оқушыларға бір-біріне кері байланыс беруге мүмкіндік беріледі			+
☐ өзін-өзі бағалау ұйымдастырылады			+
☐ өзара бағалау процесі ұйымдастырылады			+
АКТ(1-0)			
☐ ақпаратты визуализация құралы ретінде пайдаланады			+
☐ оқушылар арасында талқылауды жеңілдету үшін әртүрлі АКТ қолданбаларын пайдаланады			+
☐ интерактивті тапсырмалар Интернет медиа файлдарды (аудио, бейне) пайдаланады			+

Қысқаша мазмұны:

Сабақ белсенді өтті. Мұғалім оқушыларды түгендеп ұйымдастыруынан бастады. Өзін-өзі бағалау парақтары таратылды. «Үй тапсырмасы ақылды қалпақ» әдісі арқылы сұралды. оқушылар сабақта қолданылған барлық тәсілдерге төселген. топтық, жұптық жұмыстарды жақсы меңгерген. барлық әдіс тәсілдер өте тиімді.

Әр тапсырмадан кейін оқушыларға конструктивті кері байланыс берілді. Мұғалім оқушыларды белсенді оқуға және бірін-бірі бағалауға тарта білді, мұғалімнің дұрыс қойған, ынталандыратын сұрақтарының арқасында оқушылар өз бетімен жұмыс істеді. Сабақ өте жақсы өтті.

Бақылаушы қолы :



Тлеуова Ж.